



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

2023
шілде-
қыркүйек

14 ШІЛДЕ



Академияның магистратурасы мен докторантурасын бітіру.

Оқуды 67 магистрант және 10 докторант —
прокуратура, ішкі істер органдарының, Қаржы
мониторингі агенттігінің, Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызметтің және Төтенше жағдайлар
министрлігінің қызметкерлері аяқтады

7-11 ТАМЫЗ

Арнайы заң пәндері кафедрасының оқытушысы
А.А. Баймахановтың Академия Қазақстандағы
АҚШ Елшілігінің қолдауымен прокуратура және
ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін
ұйымдастырған «**Цифрлық криминалистикалық
тергеуге кіріспе**» оқу курсына қатысуы.



16-17 ТАМЫЗ

Академия командасы Қазақстан
Республикасы Бас Прокуроры Кубогының
мини-футбол чемпионатында **үшінші
орынға** ие болды

25 ТАМЫЗ

Құқық қорғау органдары академиясы құқық қорғау органдары қызметкерлерін **магистратура мен докторантураға** оқуға кезекті қабылдауды жүзеге асырды.



21-31 ТАМЫЗ

Қазақстан **Халқы тілдері күні** қарсаңында Академияда алғаш рет «**Конституция – адам бостандығының кепілі**» тақырыбы бойынша қазақ тілінде жаппай **диктант** өткізілді..

1 ҚЫРКҮЙЕК

Білім күніне және жаңа оқу жылына арналған іс-шара. Ректор **Марат Исламханұлы Сексембаев** жаңадан қабылданған **магистранттармен және докторанттармен кездесті**



6 ҚЫРКҮЙЕК

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы атындағы **Ұлттық қорғаныс университетінің** оқу-әдістемелік жиынында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының **профессор-оқытушылар құрамының дәрістері**

15 ҚЫРКҮЙЕК

Академия білім алушылары арасында «**Тіл шебері**» сайысы өткізілді. **Жеңімпаздар**: Гранпри – Касымов Адильбек, 1-орын - Баданова Анна, 2-орын - Пердехан Ислам және 3-орын Мауыткали Дианаға берілді.



15 ҚЫРКҮЙЕК

1-курс магистраттары Қазақстан Республикасы Мәдениет пен ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхана өткізген «**KitapTime-2023**» - жалпы республикалық кітап фестиваліне қатысты.



15 ҚЫРКҮЙЕК

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі Б.Ф. Нұрмағамбетов және 1, 2-курс магистранттары «**АМАНАТ**» партиясы ұйымдастырған «**Лудомания- қоғам дерті**» тақырыбы бойынша Республикалық жастарды қолдау **кездесуіне** қатысты.

